

Жұмыс тобының құрамы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 30 қаңтардағы N 16. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.25. N 1176 қаулысымен.

"1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 P961533_ қаулысымен бекітілген 1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі реформасын әзірлеу мақсатында:

1. Зейнетақы жүйесі реформасы Тұжырымдамасының жобасын әзірлеу жөнінде жұмыс тобының құрамы бекітілсін.

2. Тұжырымдаманың және Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету реформасының бағдарламасын әзірлеуге қатысушы министрліктер мен ведомстволардың басшылары ведомстволық жұмыс топтарын құрсын және олардың өзара іс-қимылын ұйымдастырсын.

3. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылғы 31 қаңтарға дейінгі мерзімінен кешіктірмей актуарлы есеп-айырысулар жүргізу үшін зейнетақымен қамтамасыз етудің жай-күйі туралы бастапқы ақпаратты тапсырсын.

4. Жұмыс тобы 1997 жылғы ақпанда:

1 ақпанда - Еңбекәлеуметмині мен Ұлтбанкі ұсынған Тұжырымдаманың нұсқаларын талқылауды;

8 ақпанда - Тұжырымдаманың үлгісін талқылауды;

15 ақпанда - Тұжырымдама жобасының түпкілікті нұсқасын әзірлеуді жүргізсін.

5. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 13 тамыздағы N 385 өкімі;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 30 қыркүйектегі N 458 өкімі.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1997 жылғы 30 қаңтардағы

№ 16 өкіміне

қосымша

**Зейнетақы жүйесі реформасы Тұжырымдамасының жобасын
өзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамы**

- Павлов А.С. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары,
жетекші
- Тасмағамбетов И.Н. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары,
жетекшінің орынбасары
- Бехахметов Т.Қ. - Қазақстан Республикасы Үкіметі
Аппаратының Басшысы, жетекшінің
орынбасары
- Жұмыс тобының мүшелері:
- Жандосов О.Ә. - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің төрағасы (келісім бойынша)
- Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Экономика
министрінің бірінші орынбасары
- Есенбаев М.Т. - Қазақстанның ерікті зейнетақы
корлары ассоциациясы Кеңесінің
төрағасы (келісім бойынша)
- Кемелов М.К. - Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаты (келісім
бойынша)
- Котенок Н.Л. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
Аппараты Қаржы және әлеуметтік
реформалар бөлімінің меңгерушісі
- Коржова Н.А. - Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрі
- Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасының Бағалы
қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясының төрағасы
- Молдахметов Н.Т. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары
- Оразбақов Г.І. - Қазақстан Республикасы Президенті
жанындағы Жоғары экономикалық
кеңес хатшылығының меңгерушісі
(келісім бойынша)

Сембаев Д.Х. - Қазақстан Республикасы Парламентінің
Сенаты, Экономика, қаржы және бюджет
жөніндегі комитетінің төрағасы
Тоқсейітов Р.Қ. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК